

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**S81**

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке

*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

#### Источники:

1. Яворская, Ж.Х. Влияние менталитета казахов на построение кадрового менеджмента в Казахстане. Веб-сайт Алматы Менеджмент Университета. Электронный ресурс. file:///C:/Users/Dodo/Downloads/YavorskayaZhkh-VliyanieMentalitetaKazakhovNaPostroenieKadrovogoMenedzhmentaVRk.pdf
2. Ицковиц, Г.Тройная спираль. Университеты–предприятия–государство. Инновации в действии. Пер. с англ. под ред. А.Ф. Уварова. М., 2012
3. Мескон, М.Х., Альберт, М., Хедоури, Ф. Основы менеджмента. 3-е изд. М.; СПб.; Киев: Вильямс, 2012.
4. <http://mojazarplata.kz/main/kz-news/v-kazahstane-45-naemnyh-rabotnikov-stalkivalisq-s-zaderzhko-zarplaty-ot-7-do-12-mesjacev>
5. [http://mojazarplata.kz/main/Rabota\\_i\\_prava/prava-invalidov-kazahstana-na-trud-narushaet-kazhdaja-pjataja-chastnaja-kompanija](http://mojazarplata.kz/main/Rabota_i_prava/prava-invalidov-kazahstana-na-trud-narushaet-kazhdaja-pjataja-chastnaja-kompanija)
6. Кнорринг, В.И. Теория, практика и искусство управления. 3-е изд., изм. и доп. М.: Норма, 2007. – 544 с.

**Жабайділдә Ахмедияр Қайратұлы,**  
**Оспан Айжан Ерболқызы**  
РДиГБ, 1 курс

Ғылыми жетекші:  
**Абдрасилова Гауһар Зұлпықарқызы**

Алматы  
Менеджмент  
Университеті

## Кәсіпкерлік рухтың қалыптасуы

Кеңес үкіметі кезіндегі мемлекеттердің нарықтық экономикаға бағытталған трансформациясының басталуынан жиырма жылдан астам уақыт өтті. Қай мемлекет болмасын, ішкі нарықты зерттей келе нық сеніммен экономиканың басты дамуы кәсіпкерлікке байланысты деп айта алады. Әлемдегі дамыған мемлекеттердің экономикасында басты және негізгі рөлде - жеке кәсіпкерлік. Оған дәлел, сол дамып кеткен мемлекеттердің көрші, дамушы және даму барысындағы мемлекеттерге өз қызметін ұсынуы, әр түрлі атақты компаниялардың шығуы екенін көрсетіп кеткен жөн. Айта кететін болсақ, атақты IKEA, Nestle, Coca-Cola company сияқты компаниялардың әлемдік нарықта үлкен рөл ойнайды.

Ал, осының бәрі неден басталды? Осы атақты компаниялардың директорлары қалай өз ісін бастады және дамытты?!

IKEA компаниясын 1943 жылы Швецияда Ингвар Кампрадом құрған. Ол саудамен бес жасынан бастап айналысқан. Яғни, сіріңкелерді Стокгольм қаласында арзан бағаға сатып алып, шағын елді-мекендерге бағасын қымбаттатып сатқан. Жас кәсіпкерді жігерлендіру үшін, оның біріншісі сатып алушысы туған әжеі болған. Ингвар тауарды жеке таратқан және пошта арқылы қалам, әмиян, сияқты заттарды жіберіп отырған. 1948 оның тауарлар тізімінде алғашқы рет жиһаз кірген. Ал он жылдан кейін яғни, 1958 оның бірінші Швецияда IKEA атты дүкенінің ашылуы болды. Дүкеннің жүйесі ары қарай дамып, әлемдік нарыққа шықты.

Ал, біздің ұлттық кәсіпкерлеріміздің осы бағытта сәтсіздікке ұшырауы неге байланысты? Сол адамдардың жасағанын біздің халқымыздың ішіндегі бір де бір адам жасай алмағаны ма? Жасай алса, неге көрсеткіштер тым төмен?!

Мұның басты себептері неде?!

Ол халқымыздың менталитетіне байланысты ма?

Әлде елімізде кәсіпкерлер үшін барлық керекті, қолайлы жағдайлар жасалмайды ма?!

Немесе жеке кәсіпкерлікті бастау үшін халықтың білімі жеткіліксіз ба?!

Көптеген қоғамдық зерттеулердің көрсетуі бойынша сұрақ қойылған адамдардың тек 4% ғана материалдық жағдайын өзгерту үшін, өз ісін бастауға, яғни кәсіпкерлікпен айналысуға тәуекелге баратын едік деп жауап берген.

Себебі елімізде кәсіпкер үшін материалдық, финанстық жағдайдан бұрын психологиялық қолдау жоқ. Сонымен қатар, біздің елімізде ешкім тәуекелге бет бұрып кәсіпкерлікпен айналысқысы келмейді. Әлі де, азаматтарымыз өзі бастық болуды емес біреуге қызмет етіп, бағынғанды жеңіл және оңай көреді және жауапкершіліктен қорқады.

Ең бірінші оған кері әсер ететін біздің діліміз. Біздің діліміз өз ойымызды іште сақтауға үйреткен. Біздің қоғамымызда адамға деген күмән басым. Себебі, адам өз ойын қоғамға айтқан жағдайда, айналасындағылар оған сенімсіздік туғызып, арманынан бас тартуға ықпал жасайды. Бұл бизнес сананы қалыптастырудағы бірінші кедергі.

Екіншіден, кәсіпкерлік сананың қалыптасуына пара беру де әсер етеді. Яғни, адам өзінің бойында кәсіпкерлік қабілеттерді қалыптастыру үшін пара беруден, алудан аулақ болу керек. Пара беріп, еңбек терін төкпей, шыңға шығып, мақсатына жетемін деген адам қатты адасады.

Біздің ойымызша, адамдарда кәсіпкерлік құлшынысты дамыту керек, өйткені ол біздің еліміздің экономикасына жағымды әсер етеді. Кәсіпкерлік дамыса, елімізде жұмыс орындары пайда болу арқылы халықты жұмыспен қамтамасыз ету жақсы дамиды еді. Сонымен қатар, шикізатты сатып пайда көрмей, елімізде жаңа кәсіпкерлер осы шикізатты өңдеумен айналыса алатын еді. Өндірісу мемлекетке айналу тек ғана, президент пен халықтың қызушылығында емес, атқарушы билікке де жағымды, қызық болу керек, себебі халық ұмтылыс жасаса, ал мемлекет, үкімет тарапынан халыққа қолдау жасалса, болашағымызға бірқатар сеніммен қарай алатын едік.

Оны дамыту жолдары:

1. Психологиялық көмек көрсету
2. Қаржылай көмек көрсету
3. Ұлттық кадрлерге қызығушылық таныту

- Яғни ең біріншіден, адам баласы белгілі бір мақсатқа жету үшін оған психологиялық көмек қажет деп есептейміз. Адамның іс-әрекеттеріне оның ішкі және сыртқы психологиялық ахуалдары әсер етеді. Және олар үйлесімді болуы керек, яғни адам сыртқы жағымсыз психологиялық жағдайларға қарсы тұруы үшін ең алдымен оның ішкі психологиясының халі жақсы болуы керек. Яғни ол қандай жағымсыз жағдай болмасын өз мақсатына жетуіне мүмкіндігі бар. Ал сыртқы психологияның әсері күшті болып, ішкі психология әлсіз болса, онда ол адам тез беріліп мақсатына қарай жүруді тоқтатады. Әрбір істі істемес бұрын адамда сол іске деген сенім болуы керек. Сол сенімді көмек ретінде бере алатын, болашақ кәсіпкерлерге қолдау көрсететін орталықтар болса, болашақ кәсіпкерлер, жетістікке жетудегі құлшынысы артып, болашақ бастайын деп отырған ісіне сеніммен қарайтын еді.

- Қаржылай көмек көрсету жағынан тапшылық көрмесек те, ара-арасында жемқорлық деп аталатын паразит, кәсіпкерлерге кедергі келтіреді. Бизнес жолында бәрі шын және әділ болса, кәсіпкердің өз ісін бастаудағы қадамы сенімдірек болар еді. Біз білетіндей, дамыған мемлекеттерде жемқорлық мүлде жоқ болсамаса да, біздің мемлекетімізбен салыстырғанда біршама аз. Жемқорлықтың болмауы, өндірістің, қандай болмаса да қолға алынған істің болашағының барына кепіл бола алады емес, пе?!

- Біздің елімізде оқыған мамандарға деген сұраныстың төмендігі бәріне белгілі, яғни біздің еліміздің кәсіпкерлерге инвестициялық көмек бергенше, инвесторлар шет елдегі кәсіпкерлерге инвестиция құюды дұрыс көреді. Біздің ойымызша, ең алдымен өз еліміздің кәсіпкерлеріне көмек берген дұрыс, егер біз өзіміздің ұлттық кадрларымызға көмек берсек, біз болашақ кәсіпкерлерге үміт береміз, экономикамыздың дамуына, еліміздің жарқын болашағына жол ашамыз. Осы пунктты іске асыру үшін біз ең алдымен білім саласына көңіл бөлу керекпіз. Яғни жақсы мамандардың қалыптасуына барлық жағдай жасалғанын тексеру керек.